- Қайта зарядтауға болатын батареяларды (Ni-Cd) пайдаланбаңыз.
- Батареяларды өртеменіз және сындырмаңыз.
- Батареялардың шамадан тыс қызып кетуіне (мысалы, күн сәулесінің түсуінен немесе оттың ықпалынан) жол бермеңіз.
- Батареяларды тиісті жолмен утилизация жасаңыз.
- Жарылыстың орын алуына немесе өрттің шығуына жол бермеу үшін, батареялардың полярлық бойынша дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Пультті бөлшектеменіз және оның құрылымына өзгеріс енгізбеңіз.

## Жиынтықтағы жабдықтар

### Қашықтан басқару пульті



### Тірегіштер (2 дана)



### Бұрандалар (4 дана)



### AAA батареялары (2 дана)




### Пайдалану бойынша нұсқаулық



### Қуатпен қамту сымы



### AV жалғағыш кабелі



### Ескерту.

- 1) Кескіндер анықтамалық сипатта берілген.
- 2) Керек-жарақтар әртүрлі бумаларда беріледі. Оларды жоғалтып алмас үшін, мұқият болыңыз.
- 3) Жиынтыққа кішкентай балалар үшін қауіпті болуы мүмкін керек-жарақтар (мысалы, полиэтилен бумалар) кіреді. Балалар оларды жұтып қоюы мүмкін. Осындай керек-жарақтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## Қосымша керек-жарақтар


Қосымша керек-жарақтарды жергілікті Panasonic дилерінен сатып алуға болады. Олар туралы толығырақ ақпарат қосымша керек-жарақтар туралы нұсқаулықта берілген.

### Қабырғаға ілінетін кронштейн

Қабырғаға ілінетін кронштейнді жергілікті Panasonic дилерінен сатып алуға болады.

**Ескерту.** Кескіндер анықтамалық сипатта берілген.

### • Бұрандалардың сипаттамалары



Сипаттамалары	43"		49"		55"		
	Жоғарғы	Төменгі	Жоғарғы	Төменгі	Жоғарғы	Төменгі	
Диаметр E, мм	M6	M6	M6	M6	M6	M6	
Ұзындығы D, мм	Макс.	21	14	28	28	25	25
	Мин.	10	5	20	20	20	20
Саны	2	2	2	2	2	2	

### • VESA бекіткіші

Көлем	43"	49"	55"
a (мм)	200	200	200
b (мм)	200	200	200

### ▲ Абайлаңыз

- Panasonic кронштейнін дұрыс пайдаланбаған немесе орнатылатын құрылғыны өз бетінше таңдаған жағдайда, өндіруші өзіне жауапкершілік алмайды. Кронштейнді немесе тірегішті білікті маман орнатуы қажет. Әйтпесе теледидар құлап, жарақат алуға себеп болуы мүмкін. Білікті маман орнатпағаннан болған кез келген зақымдалу үшін өндіруші кепілдік бермейді.
- Қосымша керек-жарақтарды немесе қабырғаға ілуге арналған кронштейндерді қолданған жағдайда, барлық тиісті нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны жоғары температураның көзі болып табылатын төбедегі шамшырақтардың (мысалы, прожекторлар немесе галогендік шамдар) астына тікелей орнатпаңыз. Бұл құрылғы элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Кронштейнді қабырғаға орнатар кезде мұқият болыңыз. Қабырғаға ілінетін жабдықты қабырғаның ішіндегі металл элементтермен жерге тұйықтауға рұқсат етілмейді. Кронштейнді орнатпас бұрын, қабырға арқылы ешқандай электрлік кабельдер мен құбырлардың жүргізілмегеніне көз жеткізіңіз.
- Теледидар бұдан былай қолданылмайтын болса, оның құлап, жарақаттауына жол бермес үшін, теледидарды қабырғадан шешіп алыңыз.
- Қабырғадағы жалғағыштарды пайдалануға арналған қажетті қашықтықты қамтамасыз ету үшін, әр бұранда үшін, ішкі диаметрі шамамен 8 мм, сыртқы диаметрі шамамен 18 мм биіктігі 230 мм болатын қуыс цилиндр түріндегі резеңке төсеме орнату қажет.

## Тірегішті орнату

### ⚠ Абайлаңыз

Тірегішті бөлшектемеңіз және оның құрылымына өзгерістер енгізбеңіз.

- Өйтпесе теледидар құлап, зақымдалуы мүмкін және адамдардың жарақат алуына себеп болуы мүмкін.

### ⚠ Ескерту!

Тек теледидармен жиынтықта бірге берілетін тірегішті пайдаланыңыз.

- Өйтпесе теледидар құлап, зақымдалуы мүмкін және қасында орналасқан адамдардың жарақат алуына себеп болуы мүмкін.

Егер тірегіш зақымдалған болса, оны пайдаланбаңыз.

- Жергілікті Panasonic дилеріне дереу жүгініңіз.

Орнату барысында барлық бұрандаларды мұқият бекітіңіз.

- Егер бұрандалар тиісті түрде бекітілмеген болса, тірегіш беріктігі жеткілікті болмайды, оның салдарынан теледидар құлап, зақымдалуы мүмкін және қасында орналасқан адамдардың жарақат алуына себеп болуы мүмкін.

Теледидардың берік орнатылғанына көз жеткізіңіз.

- Егер теледидарға соққы тисе немесе балалар оның тірегішіне өрмелеп шықса, теледидар құлап кетіп, адамдарды жарақаттауы мүмкін.

Теледидарды тірегішке орнату және тірегіштен шешіп алу жұмысын кем дегенде екі адам орындауы тиіс.

- Өйтпесе теледидар құлап, адамдардың жарақат алуына себеп болуы мүмкін.

Тірегішті теледидардан тек көрсетілген әдіспен ажыратып, шешіңіз.

- Өйтпесе теледидар құлап, зақымдалуы мүмкін және бұл адамдардың жарақат алуына себеп болуы мүмкін.

Суреттердегі өнімнің сыртқы көрінісі сіз сатып алған теледидардың сыртқы көрінісінен өзгеше болуы мүмкін.


Тірегішті теледидардан ажыратып, шешіңіз.

Қабырғаға ілуге арналған кронштейнді пайдаланған кезде және теледидарды қаптаған кезде, тірегішті тек төменде көрсетілген әдіспен шешіп алыңыз.

1. Бұрандаларды теледидардан босатып алыңыз.
2. Тірегішті теледидардан шешіп алыңыз.

**Ескерту.** Кескіндер анықтамалық сипатта берілген.


1. Жиынтықтан керек-жарақтар бумасын алып, барлық төменде сипатталған элементтердің бар-жоқтығын тексеріңіз. Қандай да бір элемент жоқ болса, жергілікті Panasonic дилеріне жүгініңіз.




2. Теледидарды қораптан шығарып, оның экранын төмен қаратып, үстіне жұмсақ мата немесе тегіс жастық төселген тұрақты әрі тегіс үстелге қойыңыз.



3. Негізді теледидарға бұрандалармен бекітіңіз.



(43°/49°)



(55°)


# 2-тарау. Негізгі функциялар

## Теледидар жалғағыш ұяшықтары


### Ескерту.

- 1) Кескіндер анықтамалық сипатта берілген.
- 2) Жалғағыш ұяшықтардың орналасуы теледидар үлгісіне байланысты.


### Артық көрініс



<49" & 55">




<43">




### 1. LAN

Желілік порт




### 2. DIGITAL AUDIO OUT

Теледидардың цифрлық аудиосигнал шығысына арналған оптикалық кабельді үйлесімді аудиоресиверге жалғау.



### 3. HDMI IN

Қосылған HDMI құрылғысынан сигнал қабылдайды.



### Ескерту.

Егер сыртқы құрылғыда DVI шығысы ғана болса, құрылғыны HDMI кірісіне қосу үшін DVI — HDMI адаптер кабелін пайдаланыңыз.

### 4. USB

Теледидарға USB құрылғыларын қосуға арналған.




### Ескерту.

USB құрылғысын пайдаланып жатқан кезде, USB құрылғысын алып тастамаңыз немесе теледидарды өшірмеңіз.

### 5. ANTENNA IN

Антеннадан, кабельді немесе спутниктік теледидардан сигнал қабылдау үшін коаксиалды кабельді қосу үшін пайдаланылады.




### Ескерту.

- 1) Радиожиілікті кабельді теледидар астына орналастырмаңыз.
- 2) Кескін мен дыбыстың оңтайлы сапасын алу үшін, антенна, сәйкес келетін кабель (коаксиалды 75Ом) және жалғағыш ұяшық қажет.
- 3) Егер коллективтік антенна пайдаланылатын болса, теледидарды қабырғаға ілінетін антенна ұшығына қосу үшін, тиісті жалғағыш кабель мен штепсельдік аша қажет болады.
- 4) Жергілікті телевизиялық сервистік орталық немесе дилер сіздің ауданыңызға арналған антеннаны және қажетті керек-жарақтарды таңдауға көмектеседі.
- 5) Антеннаны орнатуға, қолданыстағы жүйелерді және қажетті керек-жарақтарды жаңартуға қатысты мәселелер үшін, сондай-ақ осы мәселелерге байланысты шығындар үшін жауапкершілікті сатып алушы өз мойнына алады.


## 6. AV IN

Аудио және видеосигналдарды тиісті сигнал көздерінен, мысалы DVD ойнатқыштарынан қабылдау үшін пайдаланылады.



## Теледидарды басқару элементтері

### ■ Қуат көзіне қосу



*Ескерту. Кескін анықтамалық сипатқа ие.*


Қуатпен қамту сымын теледидарға және розеткаға қосыңыз (110—240 В, 50 Гц).

### ■ Теледидарды қосу және өшіру

1. Қуатпен қамту сымын теледидарға және розеткаға қосыңыз.
2. Теледидар күту режимінде орналасқан. Оны қосу үшін, **POWER** түймешігін басыңыз.
3. Теледидар жұмыс режиміне өтеді. Оны күту режиміне қайтару үшін, **POWER** түймешігін басыңыз.
4. Теледидарды толық өшіру үшін, қуатпен қамту сымын розеткадан ажыратыңыз.

### ■ Қуатпен қамту индикаторы

Алдыңғы көрініс



*Ескерту. Кескін анықтамалық сипатқа ие.*

- Индикатор қызыл түспен жанады: Күту режимі.
- Индикатор жасыл түспен жанады: Жұмыс күйі.
- Индикатор жанбайды: Қуат өшірулі.

### ■ Пернелі түймешік

Астыңғы жағынан көрініс



*Ескерту. Кескін анықтамалық сипатқа ие.*

Ортаңғы түймешік:

1. Теледидар күту режимінде орналасқан. Оны қосу үшін, ортаңғы түймешікті басыңыз.
2. Теледидар жұмыс режимінде орналасқан кезде:
  - сигнал көздері тізімін ашу үшін, түймешікті қысқа басыңыз;
  - содан кейін тізімнен сигнал көзін таңдау үшін, түймешікті басыңыз.
  - Тізімнен шығу үшін немесе теледидарды күту режиміне ауыстыру үшін, түймешікті басып тұрыңыз.

«Сол жаққа» және «Оң жаққа» түймешіктері: Дыбыс деңгейін реттеуге арналған.


«Алға» және «Артка» түймешіктері:

Арналарды ауыстыру және тізімнен сигнал көздерін таңдау үшін қолданылады.

## Қашықтан басқару пультінің түймешіктері

### Ескерту.

- 1) Кескін анықтамалық сипатқа ие.
- 2) Кейбір түймешіктер кейбір аймақтар, кейбір үлгілер немесе кейбір дерек көздері үшін қолжетімді болмауы мүмкін.
- 3) Кейбір цифрлық ТД түймешіктері жұмыс істемейуі мүмкін, себебі цифрлық ТД кейбір аймақтарда болмауы мүмкін.



1. **ҚҰАТ** : Теледидарды қосу немесе күту режиміне ауысу.
2. **Цифрлық түймешіктер (0—9)**: Арнаны таңдау.
3. **LIST**: Арналар тізіміне кіру.
4. **INFO**: Ақпараттық интерфейске кіру.
5. **MUTE** : Дыбысты өшіру және қайта қосу.
6. **P ↑ және P ↓**: Келесі немесе алдыңғы бағдарламаға өту.
7. **VOL +/-**: Дыбыстың деңгейді көтеру немесе түсіру.
8. **MIC** : Google көмекшісіне дауыстық хабар жіберу.
9. **Netflix**: Netflix бағдарламасына кіру.
10. **MENU**: Басты мәзірге кіру.
11. **HOME**: Басты бетке өту.
12. **UP/DOWN/LEFT/RIGHT (▲/▼/◀/▶)**: Мәзірдің қажетті пунктіне өту.
13. **OK**: Таңдалған пунктті немесе енгізілген мәнді растау, ТД режимінде Quick Button тізіміне кіру.
14. **EXIT**: Таңдалған бөлімнен шығу.
15. **BACK**: Жоғары деңгейлі мәзірге қайту.
16. **ZOOM**: Кескін форматын таңдау.
17. **GUIDE**: Бағдарламалар жөніндегі электрондық нұсқаулық (EPG) интерфейсіне кіру.
18. **SOURCE**: Кіріс сигнал көзін таңдау.
- 19 және 23. **Телемәтін түймешіктері**:
  - **TEXT**: Телемәтін мәзіріне кіру және одан шығу.
  - **REVEAL**: Жасырын ақпаратты көрсету.
  - **INDEX**: Көрсеткіш бетін көрсету.
  - **HOLD**: Телемәтін бетін экранда жаңартусыз немесе өзгертулерсіз ұстап тұру.
20. **USB құрылғыларымен ойнату процесін басқару түймешіктері**:
  - PLAY (▶)**: Ойнатуды бастау.
  - PAUSE (||)**: Ойнатуды паузаға қою, кейінге қалдырылған көрсету функциясын цифрлық ТД режимінде қосу.
  - Тоқтату (■)**: Ойнатуды тоқтату.
  - Артқа жылдам айналдыру (◀◀)**: Артқа жылдам айналдыру.
  - Алға жылдам айналдыру (▶▶)**: Алға жылдам айналдыру.
21. **Subtitle**: Субтитрларды қосу және өшіру.
22. **Түрлі түсті түймешіктер (қызыл, жасыл, сары, көк)**: арнайы бір режимде пәрмендерді орындау.
24. **I/II**: Таңдалған телебағдарлама үшін дыбыстық жолақ тілін таңдау.
25. **FAV**: Таңдаулы бағдарламалар тізіміне кіру.
26. **AD**: Аудио сипаттама функциясын қосу және өшіру.

## Қашықтан басқару пультің теледидармен жұптастыру

Ескерту.


- 1). Көскіндер анықтамалық сипатта берілген.
- 2). Қашықтан басқару пульті Bluetooth технологиясына негізделген, сондықтан оны қолданбас бұрын, пультті теледидармен жұптастыру қажет.
- 3). Төмендегі әрекеттерді орындаңыз. Егер екі минут ішінде байланыс орнатылмаса, көрсетілген әрекеттерді қайталаңыз.

"Бастапқы реттеу" процесін аяқтағаннан кейін, қашықтан басқару пульті теледидармен жұптастырылуы тиіс. Жұптастырылған не жұптастырылмағандығын білу үшін, 1—3 қадамдарын орындаңыз.


**1-қадам.** Басты бетке өту үшін **HOME** түймешігін басыңыз.

**2-қадам.** Басты беттегі Параметрлер бөліміне кіріңіз.


**3-қадам.** Жалпы параметрлер бөліміндегі Қашықтан басқару пульттері және керек-жарақтар мәзіріне кіріңіз. Пульттің қосылған не қосылмағандығын тексеріңіз (оның атауы — TV BLE Remote).




Егер бастапқы реттеу жұмысы кезінде байланыс орнатылмаған болса, «Қашықтан басқару пульттері және керек-жарақтар» бөліміндегі іздеу мәзіріне кіріңіз. Жұптастыруды қолмен орындау үшін, 4—8 қадамдарын орындаңыз.



**4-қадам.** **HOME** және **OK** түймешіктерін бір уақытта басыңыз да экранда қашықтан басқару пультінің атауы пайда болғанша басып тұрыңыз. Пульттің жарық диоды жасыл түспен үздіксіз жыпылықтай бастайды.




**5-қадам.** Құрылғыны таңдаңыз (әдепкі бойынша пульттің атауы — TV BLE Remote).



**6-қадам.** Қашықтан басқару пультің теледидармен жұптастыруды бастау үшін, **OK** түймешігін басыңыз. Экранда «Жұптастырылуда...» жазуы пайда болады.

**7-қадам.** Содан кейін «Қосылуда...» жазуы көрсетіледі.

**8-қадам.** Экранда «Жұптастырылды» жазуы пайда болады. Жұптастыру сәтті болған кезде, жасыл түсті жарық диоды уақытша жыпылықтауын тоқтатады. Содан кейін пульттің кез келген түймешігін басқан кезде, жарық диоды бір рет жыпылықтайды.



• Пульттің Bluetooth және инфрақызыл режимдегі жарық диодының күйі.

<b>Жарық диодының үздіксіз жыпылықтауы</b>	Пульттің жарық диоды жұптастыру режимінде жасыл түспен үздіксіз жыпылықтай бастайды.
<b>Жарық диодының жасыл түспен бір рет жыпылықтауы</b>	Жұптастырғаннан кейін пульттің кез келген түймешігін басқан кезде, жарық диоды бір рет жасыл түспен жыпылықтайды.
<b>Жарық диодының қызыл түспен бір рет жыпылықтауы</b>	Инфрақызыл режимде пульттің кез келген түймешігін басқан кезде, жарық диоды бір рет қызыл түспен жыпылықтайды.

## Бастапқы реттеу

Теледидарды алғаш рет басқан кезде, экранда реттеу шебері шығады, оның көмегімен бастапқы реттеуді орындауға болады.


1-қадам. Қашықтан басқару пультің қосыңыз.



2-қадам. Мәзір тілін таңдаңыз




3-қадам. Егер теледидарды реттеу үшін Android құрылғысын пайдаланғыңыз келсе, «Келесі» түймешігін басыңыз.




**Ескерту.** Егер теледидарды реттеу үшін Android құрылғысын пайдаланғыңыз келмесе, 3-қадамға бірден өту үшін, «Өткізіп жіберу» түймешігін басыңыз. Болмаса төменде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

< Android құрылғысы арқылы теледидарды реттеу >


• Android құрылғысында Bluetooth функциясын қосып, содан кейін телефоныңыздағы Google бағдарламасын ашыңыз.




• «» түймешігін басып, былай деңіз: «Окей, Гугл. Құрылғыны ретте».




• Экранда «Жұмысты бастау» жазуы пайда болғанда, құрылғыларды іздеуге өту үшін, «Келесі» түймешігін басыңыз.






• Теледидар атауын таңдаңыз (ол теледидар экранында көрсетіледі).










- Құрылғы экранындағы код пен теледидар экранындағы кодтың сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Теледидар мен Android құрылғысы арасында байланыс орнату үшін, «Келесі» түймешігін басыңыз.





- Телефонды таңдалған сымсыз желіге қосыңыз, содан кейін өзіңіздің Google akkaунтын таңдаңыз.




- Google akkaунтын және деректерді теледидарға көшіріңіз.




- Интернет пен akkaунттың теледидарға қосылуын аяқтау үшін, құпия сөзді енгізіңіз.




4-қадам. Google пайдалану шарттары мен құпиялық саясатымен танысып шығып, олармен келісетінізді растаңыз.



5-қадам. Google мен басқа да үшінші тарап қызметтері теледидардың орналасқан жерін есепке алуы үшін, «Иә» түймешігін басыңыз.




6-қадам. Android жүйесін жақсартуға қатысқыңыз келсе, «Иә» түймешігін басыңыз




7-қадам. Android TV негізгі функцияларын.



8- қадам. Google ұсынған қолданбаларды таңдаңыз және орнатыңыз. Google қызметіне байланысты бұл қадам қол жетімді болмауы мүмкін. Мұнда көрсетілген бағдарламалар модельге немесе аймаққа байланысты әр түрлі болады.




9-қадам. Пайдаланушы келісімімен танысып шығыңыз.




10-қадам. «Үй» немесе «Дүкен» режимін таңдау арқылы теледидардың қай жерде пайдаланылатынын көрсетіңіз.


Ескерту. «Үй» режимі теледидарды үйдө көру үшін ұсынылады, ал «Дүкен» режимі теледидарды дүкенде және соған ұқсас жерлерде қарауға арналған. «Дүкен» режимінде электр энергиясы көбірек тұтынылады.




11-қадам. Елді таңдаңыз.




12-қадам. Арналарды логикалық нөмірлеу (LCN) функциясын қосыңыз немесе өшіріңіз.




13-қадам. Аймағыңызды таңдаңыз. Бұл функция кейбір елдерде қолжетімді емес.




14-қадам. Телесигнал көзін таңдаңыз.



15-қадам. Бағдарлама түрін таңдаңыз.



16-қадам. Арналарды сканерлеуді бастау үшін, «Сканерлеу» функциясын таңдаңыз.



**Ескерту.**

1) Кескіндер анықтамалық сипатта берілген. Нақты мысалдарды Android немесе Android TV құрылғысынан қараңыз.

2) Google параметрлеріне байланысты бастапқы параметрлер ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Экранда көрсетілген параметрлерге сәйкес барлық бастапқы параметрлерді аяқтау керек.

3) Бастапқы реттеу процесін қайта орындау үшін, Басты бет → Реттеу → Жалпы параметрлер → Құрылғы параметрлері → Қалпына келтіру пәрменін таңдаңыз.


4) GX655 және GX600 - әртүрлі нарықтар үшін ұқсас модельдер.

## Кіріс сигнал көзін таңдау

1. Телесигналдар көздерінің тізіміне өту үшін, **Сигнал көзі** түймешігін басыңыз.

2. Қажетті сигнал көзін таңдау үшін, ▲/▼ түймешігін басыңыз.

3. Таңдалған сигнал көзіне өту үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.




**Ескерту.**

1) Кескін анықтамалық сипатқа ие.

2) **Google Play Movies & TV** сигнал көзі тек теледидар жүйесін жаңартып, теледидарды желіге қосып, Google аккаунтына кіргеннен кейін қолжетімді болады.

## Бағдарламалар жөніндегі электрондық нұсқаулық

Телекомпаниялар жүргізеді және трансляция жасалатын бағдарламалар туралы мәліметтерді қамтиды. Нұсқаулықты цифрлық ТД режимінде қашықтан басқару пультіндегі **GUIDE** түймешігін басу арқылы ашуға болады.



*Ескерту. Кескін анықтамалық сипатқа ие.*

- Таңдалған бағдарламаны өзгерту үшін, қызыл түсті **Өзгерту** түймешігін басыңыз. Таңдалған бағдарламаны өткізіп алмас үшін, сол туралы еске салу мүмкіндігі қарастырылған.
- **◀/▶** түймешігін басу арқылы күнді өзгертуге өту үшін, жасыл түсті **Күн** түймешігін басыңыз.

## Кейінге қалдырылған көрсету

Кейінге қалдырылған функциясы телебағдарламаны көріп отырғанда үзіліп кеткенде немесе кейінге қалдырылғанда, телебағдарламаларды цифрлық теледидарға жазу үшін қолданылады. Телебағдарламаны тоқтатып, оны жазып алу үшін, түймешігін басыңыз. Өзіңіз тоқтатқан жерден бастап жалғастыру үшін **▶** түймешігін басыңыз. Кейінге қалдырылған көрсету функциясын өшіру үшін, **■** түймешігін басыңыз.

### Ескерту.

- 1) Осы функцияны қолданбас бұрын, **USB құрылғысын** пішімдеп, оның ішінде жазбаға жеткілікті орын бар екеніне көз жеткізіңіз.
- 2) Жазып алынған бағдарлама ойнатылғаннан кейін немесе кейінге қалдырылған көрсету функциясын өшіргеннен кейін **автоматты түрде жойылады**.
- 3) Егер жазба тым ұзақ уақытқа созылып кетсе және құрылғыда бос орын қалмаса, теледидар жазба үшін орын босату мақсатында жазбаны басынан бастап **автоматты түрде ойната бастайды**.
- 4) Осы функция параметрлерін өзгерт үшін, **Мәзір → Тағы → ТД параметрлері → Реттеу → Кейінге қалдырылған көрсету функциясы тармағы бойынша өтіңіз**.

## Жылдам мәзір параметрлері

- 1-қадам. Жылдам мәзір параметрлеріне өту үшін, Мәзір түймешігін басыңыз.
- 2-қадам. Ішкі мәзірді таңдау үшін, **▲/▼** түймешігін басыңыз: **Сурет режимі / Дыбыс режимі, Автоматты түрде өшіру, Сигнал көзі, Тағы**.
- 3-қадам. Таңдалған ішкі мәзірге кіру үшін, **OK** түймешігін басыңыз.
- 4-қадам. Өзгерістер енгізіп, ішкі мәзірге кіру үшін **▲/▼, ◀/▶ OK**, түймешігін басыңыз.
- 5-қадам. Жылдам мәзір параметрлерінен шығу үшін, **EXIT** түймешігін басыңыз.



- **Сурет режимі:** Суретті көрсету режимін таңдау.
- **Дыбыс:** Дыбыс параметрлерін таңдау.
- **Автоматты түрде өшіру:** Теледидарды автоматты түрде өшіру үшін уақытты орнату.
- **Сигнал көзі:** Кіріс сигнал көзін таңдау.
- **Тағы:** Негізгі мәзір параметрлеріне өту.

### Ескерту.





- 1) Кескіндер анықтамалық сипатта берілген.
- 2) Жылдам мәзір параметрлері кіріс көздеріне байланысты өзгеруі мүмкін.

## Негізгі мәзір параметрлері

- 1-қадам. Негізгі мәзір параметрлеріне кіру үшін, жылдам мәзір параметрлеріндегі **Тағы** тармағын таңдаңыз.
- 2-қадам. Элементі таңдап, өзгерту үшін, **▲/▼, ◀/▶** және **OK** түймешігін басыңыз.
- 3-қадам. Жоғары деңгейлі мәзірге оралу үшін, **BACK** түймешігін басыңыз.

### Ескерту.

- 1) Кескіндер анықтамалық сипатта берілген.
- 2) Кейбір элементтер кейбір аймақтар, кейбір үлгілер немесе кейбір телесигнал көздері үшін қолжетімді болмауы мүмкін.







### ■ Ұсыныстар

Теледидардың оңтайлы жұмыс істеуі үшін ұсынылған немесе аяқталмаған реттеу параметрлерін көрсету.

### ■ ТД параметрлері

Кескіндердің, дыбыс эффекттерінің, теледидарлардың басқа параметрлерінің, арнаның, бағдарламаның сапасын реттеу.



### ● Видео. Кескін сапасы параметрлерін реттеу.



<b>Сурет режимі</b>	Сурет режимін таңдаңыз. Опциялар: жарқын, стандартты, спорттық, пайдаланушы, ойын т.с.с., кіріс көздеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
<b>Фондық жарық</b>	Экранның фондық жарығын реттеу.
<b>Жарықтық</b>	Кескін жарықтығын реттеу.
<b>Контрасттылық</b>	Кескінің жарық және күңгірт аймақтары арасындағы айырмашылықты реттеу.
<b>Қанықтық</b>	Түстің қанықтығын оның ашықтығына сәйкес реттеу.
<b>Реңк</b>	Түстің түрлі түсті реңгін реттеу.
<b>Анықтық</b>	Кескін контурын реттеу.
<b>Гамма</b>	Бастапқы кескін қарқындылығын реттеу. Нұсқалар: «Күңгірт», «Орташа», «Ашық».
<b>Түс температурасы</b>	Кескінің жалпы түрлі түстілік тонын реттеу.
<b>Кеңейтілген видео параметрлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Видео сигналдан шуылды жою.</li> <li>* Кіріс сигналға байланысты кескінің ашықтығын автоматты түрде реттеу.</li> <li>* MPEG сигналын түрлендіру немесе қысу кезінде жасалатын шуылды азайту.</li> <li>* Динамикалық кескіндердің тұрақты әрі біркелкі ойнатылуы үшін кескіндердің булығын азайту.</li> <li>* HDR әсерін реттеу.</li> </ul>

### ● Дыбыс. Дыбыстық эффекттерді реттеу.

<b>Дыбыс режимі</b>	Дыбыс режимін таңдау. Нұсқалар: «Стандартты», «Музыка», «Спорт», «Кино».
<b>Баланс</b>	Сол жақ және оң жақ динамик арасындағы дыбыстық балансты басқару.
<b>Төмен</b>	Дыбыстың төмен жиіліктерін реттеу.



- **Құрылғы параметрлері.** Негізгі ақпаратты көрсету және жүйе параметрлері мен теледидар функцияларың реттеу.





<b>Құрылғы туралы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Жаңартулардың бар-жоғын тексеру.</li> <li>* Құрылғы бағдарламалық жасақтама туралы мәлімет және заңдық ақпарат.</li> <li>* Bluetooth немесе желі қосылымының күйі және олар туралы мәліметтер.</li> <li>* Теледидарды қайта іске қосу.</li> </ul>
<b>Күн және уақыт</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Күнді және уақытты қолмен немесе автоматты түрде орнату.</li> <li>* Сағаттық белдеуді таңдау.</li> <li>* Уақытты көрсету форматын таңдау.</li> </ul>
<b>Тіл</b>	Мәзір тілін таңдаңыз.
<b>Пернетақта</b>	Теледидар пернетақтасын таңдау және реттеу.
<b>Дыбыс</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Жүйе дыбысын реттеу.</li> <li>* Дыбыс форматын таңдау.</li> </ul>
<b>Жад</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Ортақ пайдаланылатын құрылғы жадын көрсету.</li> <li>* Алынбалы-салынбалы ортақ пайдаланылатын жадты көрсету, деректерді жою және құрылғы жады ретінде пайдалану үшін пішімдеу.</li> </ul>
<b>Басты мәзір</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Басты беттегі арналарды реттеу.</li> <li>* Видео және аудио контентті алдын ала қарау мүмкіндігін қосу.</li> <li>* Бағдарламалар мен ойындар белгішелерінің ретін өзгерту.</li> <li>* Android TV басты және негізгі сервистерінің ашық лицензиялары.</li> </ul>
<b>Google көмекші</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Google аккаунтын реттеу.</li> <li>* Бағдарламалардың қарау рұқсаттарын, іздеу нәтижелерін және қауіпсіз іздеу сүзгілерін реттеу.</li> <li>* Цензуралық емес сөздерді блоктау.</li> <li>* Google ашық лицензиялары.</li> </ul>
<b>Кірістірілген Chromecast</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Chromecast ашық лицензиялары.</li> <li>* Chromecast нұсқасының нөмірі.</li> </ul>

<b>Кірістірілген Chromecast</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Chromecast ашық лицензияларын қарау.</li> <li>* Chromecast нұсқасының нөмірін көрсету.</li> </ul>
<b>Экранды сақтау құралы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Экранды сақтау құралының түрін және уақытын орнату.</li> <li>* Экранды сақтау құралы режиміндегі бекітілген уақыт өткеннен кейін, теледидарды автоматты түрде өшіруге арналған таймерді реттеу.</li> </ul>
<b>Орналасқан жері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Теледидардың орналасқан жерін желі бойынша анықтау.</li> <li>* Жақында бағдарламалардан жолданған орналасқан жерді анықтау сұрауларын қарау.</li> </ul>
<b>Пайдалану және диагностика</b>	Android TV функцияларын жақсарту үшін, диагностикалық ақпаратты Google компаниясына автоматты түрде жіберу мүмкіндігін қосу/өшіру.
<b>Қауіпсіздік және шектеулер</b>	Google Play дүкенінен жүктеп алынбаған немесе зиян келтіруі мүмкін бағдарламаларды орнату туралы шектеулерді және ескертулерді реттеу.
<b>Арнайы мүмкіндіктер</b>	Теледидарды қарау үшін ерекше жағдайларды қажет ететін көру және есту қабілеті нашар адамдарға арналған арнайы мүмкіндіктерді реттеу.
<b>Қайта орнату</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіру.</li> <li>* Бастапқы реттеуді қайта іске қосу.</li> </ul>

- **Қашықтан басқару пультері және құрылғылар.** Bluetooth қашықтан басқару пультің және Bluetooth басқа құрылғыларын іздеу және қосылу.

**Ескерту.** Bluetooth құрылғыларын іздеуді орындамас бұрын, оларда жұптастыру режимі қосылғандығына көз жеткізіңіз. Теледидарда жұптастыру режимін қосу үшін, **◀** және **HOME** түймешіктерін бір уақытта басыңыз. Басқа Bluetooth құрылғыларында жұптастыру режимін қосу туралы ақпаратты осы құрылғыға арналған нұсқаулықтан қараңыз.

- **Құрылғы параметрлері.** Негізгі ақпаратты көрсету және жүйе параметрлері мен теледидар функцияларың реттеу.



<b>Құрылғы туралы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Жаңартулардың бар-жоғын тексеру.</li> <li>* Құрылғы, бағдарламалық жасақтама туралы мәлімет және заңдық ақпарат.</li> <li>* Bluetooth немесе желі қосылымының күйі және олар туралы мәліметтер.</li> <li>* Теледидарды қайта іске қосу.</li> </ul>
<b>Күн және уақыт</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Күнді және уақытты қолмен немесе автоматты түрде орнату.</li> <li>* Сағаттық белдеуді таңдау.</li> <li>* Уақытты көрсету форматын таңдау.</li> </ul>
<b>Тіл</b>	Мәзір тілін таңдаңыз.
<b>Пернетақта</b>	Теледидар пернетақтасын таңдау және реттеу.
<b>Дыбыс</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Жүйе дыбысын реттеу.</li> <li>* Дыбыс форматын таңдау.</li> </ul>
<b>Жад</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Ортақ пайдаланылатын құрылғы жадын көрсету.</li> <li>* Алынбалы-салынбалы ортақ пайдаланылатын жадты көрсету, деректерді жою және құрылғы жады ретінде пайдалану үшін пішімдеу.</li> </ul>
<b>Басты мәзір</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Басты беттегі арналарды реттеу.</li> <li>* Видео және аудио контентті алдын ала қарау мүмкіндігін қосу.</li> <li>* Бағдарламалар мен ойындар белгішелерінің ретін өзгерту.</li> <li>* Android TV басты және негізгі сервистерінің ашық лицензиялары.</li> </ul>
<b>Google</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Google аккаунтын реттеу.</li> <li>* Бағдарламалардың қарау рұқсаттарын, іздеу нәтижелерін және қауіпсіз іздеу сүзгілерін реттеу.</li> <li>* Цензуралық емес сөздерді блоктау.</li> <li>* Google ашық лицензиялары.</li> </ul>
<b>Кірістірілген Chromecast</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Chromecast ашық лицензиялары.</li> <li>* Chromecast нұсқасының нөмірі.</li> </ul>

<b>Кірістірілген Chromecast</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Chromecast ашық лицензияларын қарау.</li> <li>* Chromecast нұсқасының нөмірін көрсету.</li> </ul>
<b>Экранды сақтау құралы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Экранды сақтау құралының түрін және уақытын орнату.</li> <li>* Экранды сақтау құралы режиміндегі бекітілген уақыт өткеннен кейін, теледидарды автоматты түрде өшіруге арналған таймерді реттеу.</li> </ul>
<b>Орналасқан жері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Теледидардың орналасқан жерін желі бойынша анықтау.</li> <li>* Жақында бағдарламалардан жолданған орналасқан жерді анықтау сұрауларын қарау.</li> </ul>
<b>Пайдалану және диагностика</b>	Android TV функцияларын жақсарту үшін, диагностикалық ақпаратты Google компаниясына автоматты түрде жіберу мүмкіндігін қосу/өшіру.
<b>Қауіпсіздік және шектеулер</b>	Google Play дүкенінен жүктеп алынбаған немесе зиян келтіруі мүмкін бағдарламаларды орнату туралы шектеулерді және ескертулерді реттеу.
<b>Арнайы мүмкіндіктер</b>	Теледидарды қарау үшін ерекше жағдайларды қажет ететін көру және есту қабілеті нашар адамдарға арналған арнайы мүмкіндіктерді реттеу.
<b>Қайта орнату</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>* Зауыттық өдепкі параметрлерді қалпына келтіру.</li> <li>* Бастапқы реттеуді қайта іске қосу.</li> </ul>

- **Қашықтан басқару пультері және құрылғылар.** Bluetooth қашықтан басқару пультің және Bluetooth басқа құрылғыларын іздеу және қосылу.


**Ескерту.** Bluetooth құрылғыларын іздеуді орындамас бұрын, оларда жұптастыру режимі қосылғандығына көз жеткізіңіз. Теледидарда жұптастыру режимін қосу үшін, **◀** және **HOME** түймешіктерін бір уақытта басыңыз. Басқа Bluetooth құрылғыларында жұптастыру режимін қосу туралы ақпаратты осы құрылғыға арналған нұсқаулықтан қараңыз.



# 3-тарау. Смарт функциялар

## Басты бет

Басты бетке өту үшін және төменде көрсетілген функцияларды пайдалану үшін, **HOME** түймешігін басыңыз.



*Ескерту. Кескін анықтамалық сипатқа ие.*




- 1. Дауыстық енгізу.** Google көмекшісіне дауыстық пәрмен беру үшін басыңыз.
- 2. Мәтіндік енгізу.** Іздеуге арналған мәтінді енгізу үшін басыңыз.
- 3. Хабарландырулар.** Маңызды жүйелік еске салғыштар (мысалы жадтың аз қалғаны, аккаунтқа кіру қателері, қосылуға қатысты мәселелер туралы).
- 4. Кіріс сигнал.** Кіріс сигнал көзін таңдау.
- 5. Параметрлер.** Негізгі мәзір параметрлеріне кіру.
- 6. Бағдарламалар.** Таңдаулы бағдарламалар тізімін көрсету немесе бағдарламалар орталығына кіру.
- 7. Келесі.** Сіз көріп отырған немесе көргелі жатқан бағдарламаны көрсету. Қажетті бағдарламаны қосу үшін, **OK** түймешігін басып тұрыңыз, содан кейін Келесісін қосу түймешігін басыңыз.
- 8. Ең танымалы.** YouTube желісіндегі ең танымал видеолар тізімін көрсету.
- 9. Netflix.** Netflix арнасындағы ұсынылған фильмдер тізімін көрсету.
- 10. Таңдаулы.** Google Play Movies & TV таңдаулы контент тізімін көрсету.
- 11. Арналарды персонализациялау.** Таңдалған арнаны қосу немесе жою.

### Ескерту.


- 1) "Басты бет" функциялары және контенті елге және теледидар үлгісіне байланысты болады.
- 2) Басты беттегі желілік функцияларды (мысалы, желілік бағдарламаларды) пайдаланбас бұрын, теледидарды желіге қосыңыз.
- 3) Белгішелердің авторлық құқықтары бағдарламалардың иелеріне тиесілі.

## Google көмекшісі

- Google көмекшісі Android TV платформасында жұмыс істейді. Google көмекшісін қосу үшін, қашықтан басқару пультіңде **MIC** түймешігін басыңыз. Оның көмегімен қажетті әрекеттерді жылдам әрі оңай орындауға болады. Құрылғыға қандай да бір мәтінді енгізудің қажеті жоқ, себебі Google көмекшісі дауыстық пәрмендерді анықтайды.



- Google көмекшісі функцияларымен танысу үшін, одан былай сұраңыз: «Сен не істей аласың?», сонда экранда оның мүмкіндіктерінің тізімі көрсетіледі.




- Google көмекшісін пайдаланбас бұрын, теледидардың желіге, ал қашықтан басқару пульті теледидарға (Bluetooth бойынша) қосылып тұрғандығына, сондай-ақ сіз өзіңіздің Google аккаунтыңызға кіргеніңізге көз жеткізіңіз.

**Ескерту.**

- 1) Google көмекшісі кейбір тілдер үшін ғана қолжетімді.
- 2) Оны пайдаланбас бұрын, қашықтан басқару пульті теледидарға Bluetooth бойынша арқылы қосылып тұрғандығына көз жеткізіңіз.

## Google Play



- **Google Play дүкені**

Google Play — Google компаниясының ресми бағдарламалар дүкені. Одан ақылы және тегін бағдарламаларды жүктеп алуға болады. Браузерді іздеп, жүктеп алуға қатысты ұсыныстар:

- 1) Дүкенге кіру үшін, **HOME** → Бағдарламалар → Google Play тармағын таңдаңыз.
- 2) Іздеу өрісіне браузер сөзін енгізіп, іздеу нәтижелерінен өзіңізге қажетті браузерді таңдаңыз.
- 3) Оны теледидарға орнатыңыз, содан кейін браузер белгішесі бағдарламалар орталығында пайда болады.
- 4) Бағдарламалар орталығына кіру үшін, басты беттегі **Бағдарламалар** опциясын басыңыз.
- 5) Орнатылған браузерді таңдап, бағдарламаларды басқару мәзіріне кіру үшін, **OK** түймешігін басып тұрыңыз.
- 6) Браузерді басты беттегі таңдаулы бағдарламалар тізіміне қосу үшін, **Таңдаулыларға қосу** түймешігін басыңыз.

- **Google Play Music**

Google Play Music — тегін және ақылы музыканы тауып, тыңдауға болатын музыкалық орталық.

- **Google Play Games**

Ақылы және тегін ойындарды жүктеп алуға болатын ойын бағдарламаларының орталығы.


- **Google Play Movies & TV**

Google Play Movies & TV — сатып алуға және жалға алуға болатын фильмдерді және телебағдарламаларды ұсынатын сервис.

**Ескерту.**

- Кескін анықтамалық сипатқа ие. "Google Play" функциялары және контенті елге және теледидар үлгісіне байланысты болады.
- Google тарапынан бақыланатын Google Play дүкені мен бағдарламаларының қолжетімділігі елге және аймаққа байланысты.
- Google Play функцияларын пайдалану үшін, теледидарды желіге қосып, Google аккаунтына кіру қажет.
- Бағдарламаларды әзірлеушілер өздерінің бағдарламаларын таратып, жаңартпай қоюы мүмкін.
- Сондай-ақ әзірлеушілер сізге алдын ала хабарламастан, бағдарламаларға өзгерістер енгізе алады.
- Үшінші тарап бағдарламаларын орнатуға және сол бағдарламаларға қатысты туындаған ақауларға байланысты түскен қандай да бір шағымдар үшін өндіруші өзіне ешқандай жауапкершілік алмайды.

## Кірістірілген Chromecast




- **Кірістірілген Chromecast** — мобильді құрылғылардан немесе компьютерден теледидарға ағындық аудио және видео контентті трансляция жасауға мүмкіндік беретін Google технологиясы. Сондай-ақ бұл функция теледидарға мобильді құрылғылардан фотосуреттерді жылдам жіберуге мүмкіндік береді.



- **Контентті трансляциялау** — Екі трансляциялау режимі бар: Chromecast Built-In технологиясына қолдау көрсететін мобильді құрылғы мен веб-бағдарлама арқылы; компьютерде орнатылған Google Chrome браузерінен (арнайы кеңейтімі бар) контентті ойнату арқылы. Екі жағдайда да ойнату процесі жіберуші құрылғыдағы белгішесін басу арқылы іске қосылады.

■ Экрандағы кескінді/дыбысты трансляциялау (мысалы, Google басты беті)



Экрандағы кескінді және дыбысты мобильді құрылғылардан теледидарға жіберу.

**1-қадам.** Телефон мен теледидарды бір сымсыз желіге қосыңыз.


**2-қадам.** Телефондағы Google Home бағдарламасын тауып алып, ашыңыз, содан кейін аккаунт бетіне өту үшін,  түймешігін басыңыз.



**3-қадам.** Құрылғыларды айналық шағылыстыру бөліміне кіріп, теледидар мен телефон арасында байланыс орнату үшін, теледидар атауын таңдаңыз.



**4-қадам.** Телефон экранындағы кескінді теледидар экранына толық жіберіледі. Трансляцияны тоқтату үшін, **Ажырату** түймешігін басыңыз.






■ Тікелей трансляциялар (мысалы, YouTube желісінен)

Тікелей трансляцияларды теледидардан көрсету

**1-қадам.** Телефон мен теледидарды бір сымсыз желіге қосыңыз.




**2-қадам.** Телефондағы YouTube бағдарламасын тауып, ашыңыз.



**3-қадам.** Видео сілтемесін телефоннан теледидарға жіберу үшін, қажетті видеоны таңдап,  белгішесін басыңыз. Трансляцияны тоқтату үшін,  белгішесін қайта басыңыз.



Ойнату кезінде қашықтан басқару пультіндегі келесі түймешіктерді пайдалануға болады:

	Ойнату/пауза
	Алға/артқа жылдам айналдыру
	Ойнатуды тоқтату үшін

**Ескерту.**  
YouTube сайтынан видеоны трансляциялау функциясы екі құрылғы да бір желіге қосылып тұрса ғана жұмыс істейді.

## Android жүйесіне қатысты жауапкершіліктен бас тарту

Бағдарламалардың контенті мен сервистерін бағдарламалардың әзірлеушілері тиісті желілер мен құралдар (олардың жұмыстары теледидар өндірушісіне байланысты емес) арқылы бақылайды. Өндіруші желілік қосылым ақаулығына, жабдықтың жаңартылуына, бағдарламалардың әзірлеушілерінің контенттер мен сервистерді өзгертуіне байланысты бағдарламалардың контенті мен сервистерін пайдалану мүмкін емес болғаны үшін ешқандай жауапкершілік пен міндеттемені өз мойнына алмайды.

### Ескерту.

- Кейбір USB құрылғылары теледидармен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Күтілмеген ақауларға байланысты деректердің жоғалып қалуына жол бермес үшін, USB құрылғысында сақталған деректердің резервтік көшірмелерін сақтап алыңыз.
- Деректерді тасымалдау құралдарының бұзылуына немесе оларды дұрыс пайдаланбау салдарынан келтірілген кез келген нұқсан үшін өндіруші өзіне жауапкершілік алмайды. Деректердің резервтік көшірмесін сақтап алу — тұтынушының міндеті.
- Үлкен көлемді файлдарды жіберу кезінде жүктеу жылдамдығы сәл төмендеуі мүмкін.
- USB дерек тасығышын оқу жылдамдығы құрылғы түріне байланысты болуы мүмкін.
- USB дерек тасығышын қосу немесе өшіру кезінде, теледидардың USB режимінде орналаспағанына көз жеткізіңіз. Өйтпесе дерек тасығыш пен оның ішінде сақталған файлдар зақымдалуы мүмкін.
- Windows жүйесімен бірге берілген FAT 16, FAT32, NTFS файлдық жүйелерінде пішімделген USB дерек тасығыштарын ғана пайдаланыңыз. Егер дерек тасығыш Windows жүйесімен үйлесімсіз қызметтік бағдарламада пішімделген болса, оны теледидар оқымауы мүмкін.
- Электр қуатымен қамту көзі қажет болатын USB қатты дискісін пайдаланған кезде, оның номиналды қуаты USB ұяшығында көрсетілген мәннен асып кетпейтініне көз жеткізіңіз. Егер USB қатты дискісінің номиналды қуаты көрсетілген мәннен асып кететін болса, теледидар жүйесі күту режиміне өтеді, содан кейін USB қатты дискісін шығарып алып, теледидар жүйесін өшіріп, қайта қосу қажет болады.
- Егер файл форматы құрылғымен үйлесімді болмаса немесе файл зақымдалған болса, «Файл түріне қолдау көрсетілмейді» хабары көрсетіледі.
- Көлемі үлкен кескіндерді жүктеудегі баяу жылдамдық теледидарға байланысты емес. Аяқталғанша күте тұрыңыз.
- Теледидар кейбір мультимедиялық файлдарды, сондай-ақ кодтау форматының өзгеруіне және басқа да техникалық өзгерістерге байланысты жаңартылған файлдарды оқымауы мүмкін.
- Кеңейтімі жоғары видеоны жазу үшін жоғары сапалы мобильді құрылғыны пайдаланыңыз. Өйтпесе кескін анық болмайды. Күтілмеген ақауларға байланысты деректердің жоғалып қалуына жол бермес үшін, USB құрылғысында сақталған деректердің резервтік көшірмелерін сақтап алыңыз.

- Бағдарламалық жасақтама жаңартылып жатқанда теледидарды өшірмеңіз. Өйтпесе теледидар істен шығуы мүмкін, ал ол үшін жауапкершілікті сатып алушы өз мойнына алады.
- Өндіруші үшінші тараптық браузерлердің жұмысына кепілдік бермейді. Google Play дүкенінен жүктеп алынған және орнатылған үшінші тараптық бағдарламалар бойынша техникалық қызмет көрсету жұмыстарын олардың әзірлеушілері жүргізуі тиіс.
- Желінің, аймақтың, файлдар форматының, Интернет провайдерінің ерекшеліктеріне байланысты кейбір веб-беттер мен видеолар браузерлерде ашылмауы мүмкін.
- Теледидарда көрсетілген әр сауда белгісі сол сауда белгісінің тиісті құқықтық иеленушісіне тиесілі болып табылады.
- Егер сайт көлемі тым үлкен болса, браузер кейбір пәрмендерге жауап бермей қалуы мүмкін.
- Браузер жұмысын жылдамдату үшін қарау тарихын мезгілді түрде жойып тұрыңыз.


## Медиаплеер

### ■ Пайдалануға дайындау

- Теледидардан фотосуреттерді және фильмдерді қарау үшін және музыканы ойнату үшін, USB құрылғысын теледидарға қосыңыз.
- Егер қосылған USB қатты дискісінде сырттай қуатпен қамтитын көзі болмаса, оны теледидар таппауы мүмкін. Құрылғыға сыртқы қуатпен қамту көзі қосылғандығына көз жеткізіңіз.
- USB құрылғысындағы деректердің жоғалуына және құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін, осы құрылғыда сақталған барлық деректердің резервтік көшірмесін жасауға кеңес беріледі.
- Медиаплеерде басқару мәзірінің көрсетілуі не көрсетілмеуі аймаққа және теледидар үлгісіне байланысты. USB құрылғысын шығарып алу үшін, USB режимінен алдын ала шығыңыз.
- USB құрылғысын пайдалануға қатысты нұсқауларды осы құрылғыны пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.
- USB құрылғысын пайдалану жатқан кезде, USB құрылғысын алып тастамаңыз немесе теледидарды өшірмеңіз. Бұл деректердің жоғалуына немесе USB құрылғысының және теледидардың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Кейбір USB құрылғыларының түрлері теледидармен үйлесімді болмауы мүмкін.

### ■ Файлдарды ойнату

Таңдалған медиафайлды теледидар экранында ойнату үшін, **HOME** → Бағдарламалар → Медиа пәрменін таңдау арқылы медиаплеерді ашыңыз.



- 1-қадам.** USB құрылғысын теледидарға қосыңыз.
- 2-қадам.** Басты бетке өту үшін **HOME** түймешігін басыңыз.
- 3-қадам.** ▲/▼/◀/▶ түймешігі арқылы Бағдарламалар бөліміне өтіп, оған кіру үшін **OK** түймешігін басыңыз.
- 4-қадам.** ▲/▼/◀/▶ түймешігі арқылы Медиа бөліміне өтіп, оған кіру үшін **OK** түймешігін басыңыз.
- 5-қадам.** ▲/▼/◀/▶ түймешігі арқылы қажетті ішкі бөлімді таңдаңыз: **Фильмдер, Фото, Музыка.**
- 6-қадам.** ▲/▼/◀/▶ түймешігі арқылы қажетті медиафайлды (5-қадамда таңдалған файл түріне жататын) ойнату үшін **OK** түймешігін басыңыз.
- 7-қадам.** Ойнатуды бастау үшін, **OK** түймешігін басыңыз.
- 8-қадам.** Ойнату мәзірінен шығу үшін, **BACK** түймешігін басыңыз.

## ■ Фильмдер қарау

Фильмді қарау кезінде оның ойнатылу процесін келесі түймешіктер арқылы басқаруға болады:

Түймешік	Күйі	Функция
OK	Басқару панелінен	Басқару панелін шығару
	Басқару панелінен	Пауза, ойнату
LEFT /RIGHT	Басқару панелінен	Алдыңғы немесе келесі фильмге өту
	Басқару панелінен	Аптаарта жылдам айналысу
DOWN /INFO	Екі жағдайда да	Ағымдағы ойнатылып жатқан фильм туралы ақпаратты бар интерфейске кіру
MENU	Екі жағдайда да	Жылдам мәзір параметрлеріне кіру

## ■ Фотосуреттерді қарау

Фотосуреттерді қарау кезінде оның көрсетілуін келесі түймешіктер арқылы басқаруға болады:

Түймешік	Функция
LEFT/RIGHT	Алдыңғы немесе келесі фотосуретке өту
OK	Пауза, ойнату
DOWN/INFO	Ағымдағы көрсетіліп жатқан фотосурет туралы ақпаратты бар интерфейске кіру
MENU	Жылдам мәзір параметрлеріне кіру

## ■ Музыканы ойнату

Музыканы тыңдау кезінде оның ойнатылу процесін келесі түймешіктер арқылы басқаруға болады:

Түймешік	Күйі	Функция
OK	Басқару панелінен	Басқару панелін шығару
	Басқару панелінен	Пауза, ойнату
LEFT /RIGHT	Басқару панелінен	Алдыңғы немесе келесі композицияға өту
	Басқару панелінен	Аптаарта жылдам айналысу
UP	Екі жағдайда да	Өң мәтінін көрсету
DOWN/INFO	Екі жағдайда да	Ағымдағы ойнатылып жатқан композиция туралы ақпаратты бар интерфейске кіру
MENU	Екі жағдайда да	Жылдам мәзір параметрлеріне кіру

## Ескерту.

